«БЕКІТЕМІН»
«Ережеп» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі: Сексенова М.Е

КІШІ ТОП (2–3 ЖАС)

«МЕНІҢ СҮЙІКТІ ЕРТЕГІМ»
вариативтік бөлім

(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Балапан» кіші топ

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат

2024-2025 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Түсіндірме жазба

«Менің сүйікті ертегім» вариативтік бағдарламасы 2–3 жастағы кіші топ балаларының жас ерекшеліктеріне бейімделіп құрастырылды. Бағдарламада ертегіні тыңдау, кейіпкерлерді тану, қарапайым сөздер мен қимылдарды қайталау, сурет арқылы мазмұнын қабылдау және ойын элементтері арқылы қызығушылығын арттыру көзделеді. Сабақтар қысқа, қайталанбалы және баланың белсенді әрекетіне негізделеді.

Бағдарлама көлемі: 36 сағат, аптасына 1 рет. Әр ұйымдастырылған іс-әрекет баланың қабылдау, сөйлеу, зейін, есте сақтау және қарым-қатынас дағдыларын қолдауға бағытталады.

Мақсаты

Балаларды қарапайым халық ертегілерімен таныстыру, ертегі кейіпкерлерін тануға және атауға үйрету, тыңдау мен қайталау арқылы тілдік белсенділігін, қызығушылығын және жағымды қарым-қатынасын дамыту.

Міндеттері

- Ертегіні қысқа мазмұнда тыңдауға үйрету;
- Негізгі кейіпкерлерді суреттен тану және атауға ынталандыру;
- Қарапайым сөздер мен дыбыстарды қайталауға мүмкіндік беру;
- Кейіпкерлердің қимылын ойын арқылы бейнелеуге үйрету;
- Қайырымдылық, достық, қамқорлық сияқты жағымды әрекеттерге баулу.

Күтілетін нәтиже

Бала таныс ертегі кейіпкерлерін суреттен таниды; кейбір кейіпкерлердің атауын айтады немесе қайталайды; ертегіні қысқа уақыт тыңдайды; қарапайым сұрақтарға қимылмен немесе сөзбен жауап береді; кейіпкерлердің қимылдарын ойын барысында қайталайды.

Scanned with CamScanner

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

36 сағат

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат
1	«Бауырсақ» ертегісімен танысу	Ертегі кейіпкерлерін суреттен тануға, бауырсақ сөзін қайталауға ынталандыру.	1
2	«Бауырсақ» – кейіпкерлерді танимыз	Қоян, қасқыр, аю, түлкіні ажыратуға көмектесу.	1
3	«Шалқан» ертегісі	Кейіпкерлерді ретімен тануға және бірге қимыл жасауға үйрету.	1
4	«Шалқанды бірге тартайық»	Бірлескен әрекетке, қарапайым қимылды қайталауға баулу.	1
5	«Үйшік» ертегісі	Үйшікте тұратын кейіпкерлерді тану.	1
6	«Үйшікке қонақ келді»	Кейіпкерлердің дыбыстары мен қимылдарын қайталау.	1
7	«Үш аю» ертегісі	Аюлардың үлкен-кішілігін ажыратуға назар аударту.	1
8	«Аюға қонаққа барамыз»	Үлкен-кіші ұғымдарын ойын арқылы бекіту.	1
9	«Үш торай» ертегісі	Торайларды тану, қарапайым әрекеттерін көрсету.	1
10	«Торайлар қалай жүреді?»	Қимыл-қозғалыс арқылы ертегіге қызығушылығын арттыру.	1
11	«Мақта қыз бен мысық»	Мысықты тану, «мияу» дыбысын қайталау.	1
12	«Мысыққа көмектесейік»	Көмек көрсетуге, қамқорлық жасауға баулу.	1
13	«Жеті лақ» ертегісі	Лақтарды тану және санауға қызығушылық ояту.	1
14	«Лақтар қалай секіреді?»	Қимылды ойын арқылы кейіпкерлерді бейнелеу.	1
15	«Қызыл телпек» ертегісі	Қызыл телпек кейіпкерін тану.	1
16	«Қызыл телпекпен серуен»	Сурет бойынша қарапайым әрекеттерді айтуға ынталандыру.	1
17	«Шалқан» – қайталау	Таныс кейіпкерлерді еске түсіру.	1
18	«Бауырсақ» – қайталау	Ертегі кейіпкерлерін бекіту.	1
19	«Үйшік» – қайталау	Кейіпкерлерді атауға және қимылын көрсетуге мүмкіндік беру.	1
20	«Үш аю» – қайталау	Үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.	1
21	«Алтын балық» ертегісі	Балықты тану, су туралы қарапайым түсінік қалыптастыру.	1

Scanned with CamScanner

22	«Балықтар жүзеді»	Қимыл арқылы балықтың қозғалысын көрсету.	1
23	«Алтын сақа» ертегісінен үзінді	Ертегі кейіпкерін суреттен тануға ынталандыру.	1
24	«Қайырымды қоян»	Қоянды тану, жақсы әрекетке қызығушылық ояту.	1
25	«Қорқақ қоян»	Қоянның көңіл күйін қимылмен көрсету.	1
26	«Ақылды лақ»	Лақтың әрекетін қарапайым сөздермен сипаттауға ынталандыру.	1
27	«Қарлығаш пен дәуіт»	Құстарды тану және дыбыстарын тыңдау.	1
28	«Қарлығаштың қанаты»	Құстың ұшу қимылын бейнелеу.	1
29	«Алтын айдарлы әтеш»	Әтешті тану, «ку-ка-ре-ку» дыбысын қайталау.	1
30	«Әтеш қалай жүреді?»	Қимылды ойын арқылы кейіпкерді бейнелеу.	1
31	«Нан қайдан келеді?»	Нан туралы қарапайым түсінік қалыптастыру.	1
32	«Наңды қастерлейік»	Наңды қадірлеуге және ұқыпты болуға баулу.	1
33	«Жыл басына таласқан хайуандар»	Жануарларды тану және атауға ынталандыру.	1
34	«Жануарлар қалай дыбыстайды?»	Жануарлардың дыбыстарын ажыратуға үйрету.	1
35	«Менің сүйікті ертегім»	Балалардың таныс ертегілерін еске түсіру, сүйікті кейіпкерін таңдауға мүмкіндік беру.	1
36	«Ертегілер әлеміне саяхат»	Жыл бойы танысқан кейіпкерлерді бекіту, жағымды көңіл күй қалыптастыру.	1

Барлығы: 36 сағат. Аптасына: 1 рет.

Scanned with CamScanner